

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ЛЕКТОРЛЫҚ КӘСІБИ ҚАЛПЫ

А. С. Қыдыршаев, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада жоғары оқу орны оқытушыларының лекторлық кәсіби қалпын қалыптастыруға қатысты шешендіктану теориясының заңдылықтарын пайдаланудың ғылыми қағидаларына сипаттама беріледі.

В статье дается описание с научными обоснованиями о формировании профессиональных лекторских качеств у преподавателей высших учебных заведений с возможностью использования законов теории риторики.

This article is devoted to the formation of professionalism of teacher's lectures quality of higher schools with the scientific basis and with opportunity of using of rhetoric's theory laws.

Шешендік өнер ұғымы біртіндеп кәсіби және қоғамдық өмірімізге мейлінше кеңірек сыналап енуде. Бүгінде осы бағыттас курстар – бірқатар университеттердің бағдарламасындағы пәндердің бірі. Десек те, көпшілік үшін аталмыш ұғым мәні әлі де толықтай ашыла қойған жоқ. Шешендік өнер мен шешендіктанудың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Шешендік өнер ме, әлде шешендік шеберлік пе? Шешендік шаршы топ алды сөз сөйлеудің тек формасына қатысты, яғни сыртқы қалпын шебер безендіру, боямалау өнері ме, не өз алдына терең де күрделі, мәселен, мазмұндық міндеттер қоя ма? Біздің кәсіби және қоғамдық тәжірибемізге қайта оралған шешендік өнер сияқты іс-әрекеттің күрделі түрінің мәнін түсінбеумен байланысты сауалдардың баршасына да жан-жақты мұқият талдамалар жасау аса қажетті [1].

Алғашқы кезекте бізді нақты педагогикалық іс-әрекет барысында шешендік өнер элементтерін практикалық тұрғыда қолдану мәселесі ойлантады. Сол себептен де, осы мақалада тұтас шешендіктану ілімі туралы емес, жоғары оқу орны оқытушысының лекторлық шешендік шеберлігінің бірер негізгі аспектілері жөнінде таразыламақпыз. Демек, бүгінгі таңда жоғары оқу орны оқытушысының шешендік өнерді лекцияға даярлану және оны жүзеге асырудың күллі білігі мен дағдыларын бірлікте қамтитын жоғары деңгейдегі кәсіби қалыпта меңгеруі ауадай қажет. Бұл жағдай оқу аудиториясына әрбір сөйленген сөз мазмұнын мейлінше толық әрі терең меңгеруге көмектесері даусыз [2].

Заңдылық атаулы белгілі бір жүйелі өзгерістерге негізделген ішкі мәнділікпен тығыз байланыстарға ие құбылыс. Ал белгілі бір заңдылықтарды білу негізінде шешендік іс-әрекетті жетілдіруге әрі тиімділігін арттыруға әбден болады. Қажетті байланыстарды анықтай отырып, тиісті заңдылықтарды сөзбен жүйелеу – құбылыс мәнін терең танып білу де. Әрбір заңдылық танып-білу деңгейі небір ғасырларға ұласар құбылыс мәнінің белгілі бір қырын бейнелейді. Бұл таным үрдісі міндетті түрде адамға тән дерек көздерінен заңдылық қағидаларын жүйелеуге ауысуға сәйкес келіп отырады. Біздің алғы мақсатымызға қатысты шешендік өнердің мейлінше берік тұжырымдалған негізгі үш заңдылығын жүйелеп, оған сипаттама берелік.

Алғашқысы – белгілі бір қоғамдық саяси ұғым тұрғысында әсер етудің топтық жағдайын ескеру заңдылығы. Шешендік өнердің бірінші заңдылығын сақтау

үшін, әрбір жас маманның, шаршы топ алдында сөйлеушінің, кез-келген жоғары оқу орны лекторының төмендегідей кеңестерді басшылыққа алуы аса пайдалы:

1. Сөйленер сөзге даярлықты тақырыпқа сәйкесті жетекші құжаттар мен нұсқауларды талқылаудан бастау. Тақырыпты таразылай келе, объективті тұрғыда негізгі ойды нысанаға алу. Біздіңше, тек қана теориялық жағынан даярлығы мықты, саяси тұрғыда сауатты оқытушы ғана сөйленер сөздің нысанына терең бойлай алмақ.

2. Күні бұрын шешендіктің және саяси пікірсайыстың амалдарын оқып үйрену.

Екінші заңдылық – **сөз сөйлеудің әзірлігі мен дыбысталуының бірлігі туралы**. Шешендік іс-әрекеттің бұл заңдылығы ойлау мен сөйлеу үрдістерінің ажырағысыз бір тұтастығынан туындамақ. Сөйленер сөз ең әуелі даярлануы, ақылға салынуы тиіс. Бұл үрдіс ұзаққа созылуы да мүмкін. Сондай-ақ тыңдаушылардың көз алдында экспромт түрінде жүзеге асырылуы да мүмкін. Сөзсіз мұның бәрі шешеннің эрудициясына, тәжірибесіне бірден-бір байланысты. Дегенмен де қай жағдайда да сөздің дыбысталу кезеңі сөйлеуге әзірлік үрдісін қамтиды. Бұл орайдағы заңдылық егер сөзді бір шешен әзірлеп, оны өзге біреу оқыған жағдайда ғана бұзылмақ. Ешқашан да өзге біреуге өз ақылыңды, қабілетіңді, жанды дауысыңның тембрі мен интонациясын аударма салу мүмкін емес. Тек өзге біреуге мәтінді, сөздер, фразалар ретін жазып беруге болар. Бұл арадағы ескерер тұстың бірі - адам атаулы өзге біреу үшін сөйлер сөзді қаншама жақсы етіп әзірлеуге тырысса да, ол оны өз ақылымен түйіндері даусыз. Ал ол өзгенің ақыл-ой санасына дөп келмеуі әбден анық. Бұған дәлелдің бірі – тарихта өзгенің қолымен жазылған сөзді айту арқылы атағы асқақтаған шешен атаулының жоқтығы. Мәтін - егер де оны өзге біреу әзірлесе, ол тек сөздің жансыз сұлбасы ғана. Ендеше бұнымен сөз сөйлеуші шешеннің көл-көсір әсер туғызуы әсте мүмкін емес. Тыңдаушылар жазушы (логограф) ойы мен мінбедегі сөз сөйлеушінің дисгармониясын бірден аңғарады.

Шешендік іс-әрекеттің екінші заңдылығының табиғи арнасы ежелгі дәуірден бастау алады. Заңдылықтың табиғатын таразылап ұсынар кейбір тұжырымды пайымдауларға кезек берсек, төмендегіше түйіндерді әркез ескеру артық емес. Мәселен, ежелгі софистер пікіріне жүгіне айтар болсақ, даналыққа ұмтылушы талантты оқытушы-лектор үш түрлі қасиетке ие болуы тиіс: 1) ойлана білу; 2) өз пікірін үйлесімді айта білу; 3) өз міндетін жақсы орындай білу [3].

Атақты Аристотельше, мінбеде тұрып шаршы топ алдында сөйлеуші төмендегілерді айыра ажыратып, баса ескеруі тиіс: 1) ой анықтығы; 2) сөз (сөйлеу) анықтығы; 3) қоғамдық қызығушылықты бағдарлау анықтығы [3].

Шешендіктану дегеніміз – сөздерді кең тұрғыда жан-жақты сарапқа салу да. Бұл орайда, Цицеронға сүйенсек, әрбір шешен: 1) ойлап таба білуі тиіс; 2) орналастыра білуі тиіс. Осы орайдағы түйіндерді таразылай келіп, М. В. Ломоносов шаршы топ алдында сөз сөйлеуші шешен: 1) идеяны ойлап табу тиістілігін; 2) оларды орналастыруы, сөзбен бейнелеуі қажеттілігін; 3) сөздің дыбысталуы туралы ойлануы керектігін айтады. Ал, М. М. Сперанский кімде-кім адамдармен істес болғысы келсе, «жақсы ойлана білуі өз алдына, одан да жоғары ғажап сөйлей білуі тиістігін» жазады [3]. Қысқасы, жоғарғы өрілген ойлардан кімде-кім анық ойлана алса, сол қанық баяндамақ деген түйін туындамақ. Демек, дүлдүл шешендердің тұжырымды түйіндерінен **ой → сөз → іс** тізбегінің ажырағысыз бірлігі анық байқалады. Осы тізбек шешендік іс-әрекеттің екінші заңдылығының басты өзегі де. Қазіргі таңда шешендік іс-әрекеттің бар теориясы негізінде жатқан тізбектің алғашқы сатысы туралы мүлдем айтылмайды. Шаршы топ алды сөз сөйлеуде шешенге ойлану міндетті емес сияқты, көбіне-көп «сөз бен істің бірлігі» туралы айтылады. Құр сөйлеуді әркім де біледі. Ал, тың да батыл ойларымен екінші бірі қуанта бермейді. Бұған қоса өз ой-пікірін аудиторияға анық жеткізе білуге қабілеттілер тіпті де аз.

Сонымен сөз сөйлеу мен оған даярланудың бірлігі заңдылығы оқытушыны неге міндеттейді? **Біріншіден**, барлық лекцияларды да жеке өзіңіз талдап әзірлеу. Оқу материалын өз ақылыңызбен «пісіріп-түсіру». Мәтінді өз баяндау стиліңізбен жазу. Ауызша сөйлеу стиліне мүлдем лайықсыз жазылған оқулық не оқу құралдары бойынша сөйлемей, өзіндік тілдік құралдарыңыз арқылы жазу. Мәселен, академиялық шешендік сөз шеберлері Г. Н. Грановский, В. О. Ключевский, М. Әуезов, Қ. И. Сәтбаев, Қ. Жұмалиевтер жаңа тақырыптағы лекцияларға даярлық сәтінде ұзақ ойланып, тіпті одан да көбірек уақыт ой қорытқан. Әрбір лекция оқылғаннан кейін, оның мәтіні тыңдаушыларға негізгі ой толық та анық жеткенге дейін електен өткізіле, екшеле, сараптала түседі. Нәтижеде лекция академиялық шешендіктің жоғары шеберлік шыңына көтеріледі.

Екіншіден, сөйленер сөзді жазып шықпай, жақсы айта алмайсың. Бұл ретте Марк Тулий Цицерон қаламды тілдің ең үздік көмекшісі таныған. Тек қана жадыға, сызбаларға сенуге болмайды. Жазу жұмысының нәтижесінде фразалар сығымдала, ұштала түседі. Ойды логикалық тұрғыда дамыта түсу қабілеті қалыптасады. Мәтін парақтарындағы жазбалар астарынан тілге тиек болып отырған нысанның бейнесі көрінеді. Егер де санада «ішкі көріністерді сезу» тізбегі жатар болса, сөзді оқу сәтінде мәтіннен ауытқу не оған көзіңді салмаудың еш қорқынышы жоқ. Қалыпты сүрлеуі салынған ой жолында аудиторияны өзіңе ілестіру аса қиын да емес. Алайда егер лектор негізгі ойдың бір беттен екіншіге қалай өрбитінін анық көз алдына елестете білмесе, онда ол қағаздан бас алмастан оқуға мәжбүр.

Біздіңше, бұл ретте екінші заңдылықтан туындата төмендегіше тұжырымдалған бірнеше тәжірибелік кеңестерді ескеру пайдалы:

- 1) Өзгенің сөзіне құл болушы шешен тілді болуы мүмкін емес;
- 2) Өзгенің сөзімен жарқырап көрінемін дегенше, ең дұрысы өз сөзіңмен сөйлеу артық;
- 3) Өзге біреудің жазып әзірлеген ақылды сөзі шешеннің сөйлеуі сәтінде мүлдем әсер туғызбауы мүмкін;
- 4) Ой еңбегімен айналысушы адамдармен істес болу үшін, өзіңіз де ойлаудан шаршамауға тиіссіз;
- 5) Қашан да сапалы сөйленген сөз оған әзірленуге кеткен уақытпен пара-пар.

Кәсіби шешендік іс-әрекет туралы қазіргі көзқарастарды ежелгі теориялармен бірлікте жіті зер сала оқып-үйрену жоғары оқу орны оқытушысының лекторлық кәсіби қалпы /профессиограммасы/ кестесін ұсынуға мүмкіндік береді (1-кесте).

Цицерон айтқан шешендік іс-әрекеттің идеалды бейнесі шешендік өнерді жетілдіруге әдістемелік білік-дағдылар жүйесін жете меңгеру арқылы өтуге мүмкіндік береді. Бұл-оқытушы-лектордың ойланып шебер сөйлеу іс-әрекетінің баспалдақтары, жекелеген операцияларының тұтас үрдісі ретіндегі шығармашылық ойлаудың өзіндік жүйеленуі. Ұсынылған кестенің құндылығы сонда - бұған сүйене отырып, сонау софистерден бастап, қазіргі таңда айтылған ой-пікірлерге дейін, қаншама қаласаңыз да келтіруге болатындығы.

Шешеннің аудиториямен өзара байланыс іс-әрекетінің мәні үшінші **ойлау мен эмоция консонансының үйлесімділігі заңдылығын** анықтайды. Шешен-лектор ешқашан да белгілі бір ойдың адам санасына ақыл-ойға оңтайлы әсер етудің амалдары арқылы немесе сенімі мен сезіміне иррациональды әсер етудің амалдары арқылы жеткізілуі мүмкін екендігін естен шығармауы тиіс. Егер де шешен ақылға әсер ету бағытын ұстанса, онда ойлаумен үйлесімділікке жетуге, яғни сөз сөйлеу нысанын адекватты түсінуге ұмтылуы тиіс. Егер де шешен-лектор сезімге әсер ету бағытын ұстанса, яғни құлшыныстарды туғызуға, осыған ұқсас сезім қалтарыстарын, иірімдерін, бейнелі ұғымдарды туындатуға ұмтылса, онда бұл іс-әрекетімен эмоция консонансына қол жеткізеді.

Шешендіктің шынайы қалпы сөздің дыбысталу мезетінде ғана айқындалады, яғни шешендік іс-әрекеттің үшінші заңдылығы өз күшіне енген сәтте ғана көрініс бермек. Өз кезінде-ақ Демосфен шешендік өнердің ең басты шарттарының бірегейі ретінде сөздің дыбысталуына ерекше мән бергендігі белгілі. Шешен ешқашан да тыңдаушыларынсыз өз шешендігін бағалай алмақ емес. Дегенмен өнер атаулыны жете түсініп, орынды бағалау үшін, сезіне алу, сәйкесті құлшынысты бастан өткере білу жеткілікті де. Ал өнер нысанын туындату үшін, міндетті түрде талант, көл-көсір еңбек және ұлаңғайыр ақылдың қажеттілігіне дау жоқ [4].

Сонымен бұл заңдылық оқытушыға ұжымдық ойлауды басқаруды, тыңдаушыларды назардан тыс қалдырмауды міндеттейді. Біздіңше, осы заңдылықты басшылыққа ала отырып, шешен-лектор төмендегі кеңестерді ескеруі тиіс:

- адамдардың оқу материалын және жаңа ұғымдарды қабылдауға әзірлік деңгейін әркез ескеру, баяндау стилін аудиторияға ыңғайлау;
- үнемі қарым-қатынас мәнері мен мінбедегі өз мінез-құлқынды жүйелеу;
- ойлауды белсендіру, шаршауды жоюға ұмтылу, оқтын-оқтын тыңдаушылардың ойлану деңгейіне салмақ салу;
- аудиторияның реакциясы арқылы сөйленген сөздің тыңдаушыларға қаншалықты әсер еткендігін бақылау және ақпарат берудің барлық каналдарды арқылы мақсатты әсер етудің тиімділігін күшейту.

Сөзімізді жинақтай келе, шешендік іс-әрекеттің үшінші заңдылығын қалыпты сақтау үшін төмендегідей тәжірибелік қағидаларды ұсынамыз:

1. Тыңдаушылар Сіз ойлағандай емес, мүлдем басқаша ойлануы және оны көз алдына елестетуі мүмкін екендігін есте сақтау. Оқтын-оқтын олардың ойы қажетті бағытта өріліп отырғандығына көз жеткізу.

2. Тыңдаушылармен көз жанары арқылы да, сөз арқылы да байланыс ұстау. Өзара байланыстан айырылу – ойлануды басқарудан айырылу екендігін ескеру.

3. Тыңдаушының орнына өзіңізді қойып көру, сонда олардың Сізден не күткендігін түсінесіз.

4. Шешен-лектордың /оқытушының/ үздік сөзі – сөйлеу үсті мезетіндегі ой пайымдауы.

Қысқасы, шешендіктану теориясының заңдылықтары - шешендік іс-әрекеттің нақты ережелері іспеттес қағидаларын ғылыми тұрғыда түсіндірудің негізі де. Ал біздің тарапымыздан ұсынылған әдістемелік қағидалы кеңестер - заңдылықтарды тәжірибеде сақтаудың кепілі, жоғары оқу орны оқытушы-лекторының профессиограммасының қалыптасуына сеп.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қыдыршаев, А. С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері / А. С. Қыдыршаев. – А. : Білім. – 2000. – 270 б.

2. Қыдыршаев, А. С. Шаршы топ алды шешен сөйлеуге әзірлік кезеңіндегі тірек сауалдардың орны / А. С. Қыдыршаев // Білім берудегі менеджмент. Информационно-методический вестник РИПКСО. – 2001. – №3.

3. Қыдыршаев, А. С. Шешендіктанудың тарихи парақтары / А. С. Қыдыршаев. – әдістемелік көмекші құрал. –А. : Арыс. – 2000. – 43 б.

4. Қыдыршаев, А. С. Шешендік тағылымы / А. С. Қыдыршаев. – Орал. – 2006. – 142 б.